"ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІ
ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ КОМИТЕТІНІҢ
ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ БОЙЫНША
ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ
ДЕПАРТАМЕНТІ" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

РЕСПУБЛИКАНСКОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ
УЧРЕЖДЕНИЕ "ДЕПАРТАМЕНТ
ВНУТРЕННЕГО ГОСУДАРСТВЕННОГО
АУДИТА ПО ЮЖНО-КАЗАХСТАНСКОЙ
ОБЛАСТИ КОМИТЕТА ВНУТРЕННЕГО
ГОСУДАРСТВЕННОГО АУДИТА
МИНИСТЕРСТВО ФИНАНСОВ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН"

160002, Шымкент қ., Водопьянов көшесі, 14-ғимарат
Тел.: 8 (7252) 35-06-06, факс: 35-10-01
ММ код 2170025, СТН 582100008585, ИИК KZ 92070101 KSN 0000000 0000000
ОКО бойынша Қазынашылық Департаменті БСН 000440001616

160002, г. Шымкент, ул. Водопьянова, 14-здания
Тел.: 8 (7252) 35-06-06, факс: 35-10-01
Код ГУ 2170025, РНН 582100008585, ИИК KZ 92070101 KSN

Департамент Казначейства по ЮКО БСН 000440001616

07.03.2018 №09-15/1083

**ЖК «Нұр» Н.Керимбаевқа**

Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит Департаменті *(бұдан әрі - Департамент)* Сіздің 2018 жылғы 27 ақпандағы №6 өтінішіңізді қарап, келесіні хабарлайды.

Департамент тарапынан ұйымдастырушы «Сарыағаш ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі *(бұдан әрі – Ұымдастырушы мекеме)* мемлекеттік сатып алу веб-порталында аукцион тәсілімен жарияланған №2231288-2, №2231234-2, №2231181-2, №2231052-2 және №2230729-2 «Мультимедийный кабинет для школ отдела образования Сарыагашского района» мемлекеттік сатып алуға камералдық бақылау жұмыстары жүргізілді.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы №648 бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының» *(әрі қарай – Қағидалар)* 3-қосымшасы болып табылатын сатып алынатын тауарлардың техникалық ерекшелігінде тауардың атауын (маркасын, моделін, үлгісін және/немесе тауар белгісін және тауарды дайындаушы зауыттардың атаулары көрсетілуі тиіс делінген.

Камералдық бақылау жұмыстарын жүргізу барысында әлеуетті өнім беруші «Нұр» ЖК-нің ұсынған техникалық ерекшеліктерінде тауарларды дайындаушы зауыттардың атаулары «КНР» деп және тауардың атауын (маркасын, моделін, үлгісін және/немесе тауар белгісін «Intel core i5» деп көрсетілуімен шектелген.

Алайда, тауарларды дайындаушы зауыттардың атаулары «КНР» деп дұрыс көрсетілмегендігі және мұндай атаумен сатып алынатын тауарларды дайындаушы зауыттың жоқтығы, сонымен қатар ұсынып отырған тауардың маркасын, моделін, үлгісін және/немесе тауар белгісін толықтай көрсетпегені анықталды.

Сонымен қатар, жоғарыда аталған мемлекеттік сатып алулардың қорытындылар туралы хаттамаларына сәйкес «Нұр» ЖК-нің тауарлардың бірлігі үшін ұсынған бағасы жеңімпаз болып табылған әлеуетті өнім берушінің бірлігі үшін ұсынған бағасынан жоғары екендігін және қорытындылар туралы хаттамасына кері әсерін тигізбейтіндігін хабарлаймыз.

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 12 қаңтардағы N 221 «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Заңының 12 және 14 баптарына сәйкес өтініш бойынша қабылданған шешімге шағым жасауға құқылы екендігіңізді назарыңызға саламыз.

**Басшының орынбасары** **Қ.Сапарбеков**

Келісілген:
А.Мұратов

*Орын.Сейдуллаев Е.*
*Тел: 35-06-06*